Зарқын Тайшыбай, М. Қозыбаев атындағы СҚУ-дің профессоры,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Сәуле Мәлікова, Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік архивінің директоры, тарих ғылымдарының кандидаты

Мағжан – «кедей сөзі» мен «бостандық туында»

Осы газеттің 1-бетіндегі "Қазақстанда" деген есепте: "Қазақ стан Республикасының халық агарту комиссары hәм Госиздат қасындағы жазушылар ұйымының мүшесі Ахмет Байтұрсынұлы өткен ғинуардың 13-інде Орынбордағы зиялы қазақ азаматтарын жиналысқа шақырып, 2-буын мектептеріне оқу-құралдарын дайындау ушін кеңес ашқандығын" хабарлады. Мәжілісте болғандар: Елдос Омарұлы, Хайриддин Болғанбайұлы, Смағұл Сәдуақасұлы, Файзолла Ғалымжанұлы, Биахмет Сәрсенұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Сәдуақас Сейфоллаұлы, Ғалихан Бөкейханұлы, Сабыр Айтқожаұлы, hәм басқалар.

Мәжіліс бастығы Ахмет Байтұрсынұлы, хатшы Биахмет Сәрсенұлы.

Мәжілісте жолдас Байтұрсынұлы төменгі жайды баяндады:

Бұл күнге дейін қазақ тілінде 2- буын мектептері үшін оқу құралдары жоқ. Барлары - біріғші буыңбастауыш мектептердің 1, 2, 3- бөлімдеріне ғана жарарлық кітаптар. Сондықтан 1-2-буын мектептер үшін қазақша оқу құралдарын жазуға hәм тәржімалауға тезінен кірісу керек.

Мәжіліс баяндаманы тыңдағаннан кейін қарар шығарды:

Жоғарыда айтылған азаматтардың оқу құралдарын орысшадан қазақшаға аударту жұмысын кірістіруге.

Осы жұмыс үшін Мағжан Жұмабайұлын, Мәннан Тұрғанбайұлын, Хошмұхаммет Кемеңгерұлың Жұмағали Тілеуліұлың Сейітбаттал Мұстафаұлын, тағы да осылардай ризалығын білдірген азаматтарды қызметке шақыруға... Одан әрі қазақ мектептері үшін оқулықтар әзірлеудің шаралары баяндалған.

Төртінші бетке басылған Мәннан Тұрғанбаевтың "Кеңсе тілі қазақша болсын" деген көлемді мақаласы жеке жұмқұриат-республика болып ту көтерген қазақ халқының келешегі үшін ана тілінің қандай маңызы бар екенін ғылыми түрде түсінікті етіп, жанға тиерліктей әсермен баяндап берген.

"Бостандық туының" 1921 жылғы 3 сәуірдегі екінші санындағы "Екіден - бір" деген мақаласын Мағжан былай аяқтайды:

"...Сондықтан біздің алдымызда екі ғана жол бар. Азаттық, не құлдық. Не совет бостандығы. Не Николай-Колчактың құлдық қамыты. Міне, қазаққа осыны ұғатын мезгіл жетті. Әрелікті мүмкін емес екендігін талай тәжірибелер көрсеткендей болды. Қазақ енді көруге тиіс. Алдымызда екі жиын қара тұр. Біреуі-ел болам деген қазақты шетінен бауыздау керек деп қылышын даярлап тұрған Дутов, Иванцов, Ринов сықылды қара жүздер. Екіншісі - құлдықта езілген сорлы елді: қатарға кір, ел бол деп, құшағын жайып тұрған Ленин, Сталин жолы".

Омбыдан Қызылжарға келердің алдында, "Бостандық туы" газетінің үшінші санында (12 сәуір, 1922 жыл) Мағжанның қазақ оқығандарына хаты жарияланды. Он- да: "Жас қазақ республикасының барлық шаруашылығын қолына алып... елге қамқор оқығандар билік төріне шығуы керек... Көксегені бақ, күйттегені - дәреже, сән- салтанат, мақтану, өзінің өзгеден үстем екендігін көрсететін" - оқығандар емес. "Оқыған адамдарда ең бірінші қасиетті сипат сол: оларда дүниеге қараған белгілі көзқарас болады, нық бекіген мақсаты болады, айнымайтын бір идея меншіктейді".

"...Қазақ төңкерісті өзі жасаған жоқ. Төңкеріске дейін де, төңкерістен кейінгі үш жылда да теңдікке қолы жетпеген.. Отаршылдықтың жарасы әлі жазылмаған" жағдай еді.

Мұндай жағдайда “Қазан төңкерісінің нәтижелерін қазақтың мойнына қамытша кигізе салуға болмайды" деп дұрыс тұжырым жасады.

Тиісінше, губерниялық партия және совет ұйымдарының “Бостандық туы" газеті редакциясын Ақмола губерниясының орталығы

ГПетропавлға көшіру мәселесі қозғалады.

Архивте Мағжан Жұмабаевтың “Бостандық туы” газетінің редакция алқасының мүшесі екендігі және арнайы тамақ үлесін алмайтындығы” туралы №727 анықта- макуәлік сақталған Оның жазылған күні 1921 жылғы21 наурыз.

Редакциядағы шығармашылық қызметкерлер міндеттерін өзара былай бөліскен көрінеді:

Радио арқылы материалдар қабылдап, қазақша дайындау: Б. Айбасов, М. Сейітов.

Жергілікті хабарлар. Кәкенов пен Фазылов.

Қазақстан Орталық Атқару комитеті мен Республика Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулы- қарарлары мен нұсқаулары, яғни ресми ақпарат: Кемеңгеров, Ай басов, Серкебаев.

Партия жұмысы: Тоқжанов пен Телжанов.

Баспаханада әріп теруші, беттеуші және басушы болып мына адамдар істегені туралы мағлұматтар бар: Кенжетаев Орақбай, Смағұл Әубәкір, Серікбаев Хусайың Жылгелдин Шәкірәт, Тюков Г.

1921 жылдың 21 сәуір күні Омбыдағы газет редакциясы сондағы Қазақ өкілдігіне мынадай хат жолдайды: “Алдағы уақытта газеттің Петропавл қаласына көшуіне бай-ланысты Омбы уезіне жіберілген газет қызметкері Бекмұхамбет Серкебаевты кері шақыруды сұраймыз”. Бұл құжат “Бостандық туының” Омбыдан Петропавлға қашан ауысқанын дәлірек көрсетеді.

Екінші бір хатта Петропавл қаласында қазақ газетін шығаруға қатысты қиындықтар баяндалған.

"Петропавл қаласында Ақмола губревкомының ұйымдасуына байланысты онда газет шығару үшін қазақ шрифтілері мүлде жоқ, орыс әріптері де жетіспейді, баспа машиналары аз, қағаз жетімсіз. Сондықтан бұрынғы Ақмола облыстық басқармасының баспаханасын әріптерімен, қағазымен және әріп терушілерімен Ақмола губревкомының қарауына бергізуді сұраймыз”. Петропавлдағы баспахананы қалпына келтіру және оның қуатын арттыру жөнінде Қазақ автономиясы Орталық Атқару комитетінің төрағасы Сейітқали Меңдешев 1921 жылғы 27 сәуірде Омбыдағы Өкілетті төтенше комиссияға жеделхат жолдап, “Петропавлда электробаспа" ашу мәселесін жеделдетуді сұрайды. Мамырдың 5-і күнгі жеделхатта губерниялық мекемелерді ұйымдастыруға аса қажет адам -дар “Тұрлыбаевты, Көкеновті, Арыслановты, Юсуповты, Итбаевты, Әбдірахмановты, Бұлғақбаевты, Олейниковты - жазу машинкасымен Жұмабаевты баспа жабдықтарымен Омбыдан Петропавлға жіберу сұралған. Бұл адамдардың келуі кешігіп, уақыт өтіп бара жатқан соң Әйтиев тағы да 1921 жылғы 1 маусымда Омбыға жеделхат жолдап, келуге тиісті адамдардың тізімін көрсетеді. Бұл тізімде Юсупов пен Жұмабаев аталмайды.

Демек, Мағжан Жұмабаевтың Омбыдан Петропавлға 1921 жылғы 5 мамыр мен 1 маусым аралығында келгенін көреміз (Осы болымсыз ғана көрінетін дерек ұлы ақынның өмірбаянындағы түрлі “қоспалардың" негізсіз екенін көрсетеді-ау - **авт.).** Бұған тағы бір дәлел 10 маусым күні губревком төрағасы Әбдірахман Әйтиев үшінші рет Омбыға жеделхат жолдап, Омбыда қызметте қалған қазақ маманы Сыртлановты да жіберуді сұрайды. Бұл аталғандардың ішінде Айдархан Тұрлыбаев пен Барлыбек Сыртланов кезінде Петербург университетін бітіргең жоғары білімді мамандар екенін айтқан жөң.

1921 жылғы мамырдың 13-і күні Ақмола губревкомының төрағасы Әйтиев Әбдірахман Омбыға жеделхат жолдап: “400 пұт газет қағазың баспаханаға әріп теруге және газет беттеуге керекті түрлі гарт (металл қорытпасы) материалдарың регленттер, бабашкалар мен марзандар, әртүрлі квадраттар - барлығы 7 пұт материал жіберуді” сұрайды.

1921 жылғы 7 маусым. Ә.Әйтиевтің тағы бір жеделхаты: “Омбы, Сибревком төрағасы Смирновқа! Жаңа ұйымдастырылған губернияның жалғыз газеті қағаз тапшылығынан жабылып қалғалы тұр. Астанамыз Орынбордан жабдықтау шаралары шілде айында ғана басталмақ. Сондықтан 200 пұт қағаз керек. Оны бермесеңіздер, жағдайымыз қиын" немесе бір аптадан кейін тағы мынадай жеделхат жолдайды: “Баспахана ұйымдасуына байланысты губревком қарауына он баспагер, әріп теруші мамандар жіберуіңізді табанды түрде сұраймын 1921 жылғы 14 маусым”. Бұп құжаттар сол кезде жарты Қазақстанды тұгел қамтыған Ақмола губерниясында, оның орталығы - Петролавл қаласында қазақ тілінде газет шығару ісіне Әбдірахман Әйтиевтің қалай күш салғанын көрсетеді. Яғни, ана тіліндегі мерзімді баспасөздің мемлекеттің іргесін нығайтуға, халықтың дербес билікті өз қолына алуына деген сенімін орнықтыруға үлкен көмегі болатынын жақсы білген басшының іс-әрекеттері осындай.

Мағжанның өмірге көзқарасының қалыптасу жолы - XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың басындағы адал ниетті Алаш азаматтарының соқпағы. Қазақстанның қиыр солтүстігінде туып, отаршылдардың сойқанын көзімен көріп өскен ауыл баласы мұсылманша хат танып, одан кейін орысша білім алып, әлемдік ғылым мен өркениет жемістерінен сусындаған қазақ азаматының басқа жолы болған жоқ, Ресейдегі төңкерістерді көрді. Екі ғасыр тоғысында қазақ ұлтының жер бетінде сақталып қалуы үшін жан алып, жан беріскен Алаш қайраткерлерінің қатарынан табылып, “тірі болсақ бір төбеде жиналайық, өлсек бір шұңқырдан табылайық" деп серттескен топтың ту ұстаушысы, ұраншысы болды. Қазағының бостандығы мен теңдігін социализмнен күтіп, жаңа құрылысқа белсене кірісті. Қалам қайратың ой қуаты мен бой қуатын аяған жоқ. Жоғарыдағы мысалдар соның айғағы.

// Солтүстік Қазақстан.- 2019.- 19 қараша.